

**С. Ш. Тайшыбек, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қараванды Академиясының
1-баәам тыңдаушысы**

**Ғылыми жетекші: С. С. Түсінбеков, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қара-
әанды Академиясының мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының аға
оқытушысы**

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ПАРТИЯЛАР МЕН ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖЕКЕ АДАМНЫҢ САЯСИ ЕРКІНДІГІНЕ ҮҚПАЛЫ

Саяси партиялар азаматтардың саяси өмірге катысуының негізгі себепші әлеуметтендіру күралы болып есептеледі. Қоғамда ұйымдар, соның ішінде саяси ұйымдардың мүшелерінің саны мен сапасының көрсеткіші жоғары болған сайын, олардың саясатка катысу деңгейі де жоғары болып есептеледі. Бірақ, барлық уақытта солай болады деуге болмайды.

Қоғамның саяси жүйесіне кіретін саяси партиялар мен ықпалды топтардың іс-әрекесті мен әдістерінің арасында айырмашылық та жоқ емес. Мысалы, партиялар мемлекеттік аппаратты бағындырып, оларды басқаруға ұмтылады. Ал ықпалды топтар мемлекеттік аппараттардың шешім қабылдау ісіне ықпал жасаумен шектеледі. Бұлар кейде саяси партиялардың құрамына да кіреді. Партиялар азаматтардың саяси ерік-жігерін қалыптастыруға және оны білдіруіне жәрдемдеседі (Қазақстан Республикасының Конституциясы, 56-бап). Бірақ ол шексіз емес, олардың және басқа да қоғамдық бірлестіктердің мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар қызметіне араласуына жол берілмейді (54-бап). Сол сияқты мемлекет өз аумағында басқа мемлекеттердің саяси партиялары қызметіне жол берілмейді¹.

Көп партиялыштық – плюрализмнің бірден-бір тетігі емес, оның заманы өткен дейтін зерттеушілер де бар екенін айтпай кетуге болмайды. Олай деушілердің ойынша көп партиялыштықты шүғыл енгізу жағдайында ішкі саяси ахуал қатты шиеленіседі, белгілі дәрежеде демократиялық дағды қалыптасып үлгермеген қоғамда бірден шексіз еркіндік беруге де болмайды. Егер басқа партиялар болмайтын болса, онда басқаруши партияның ішінде көң түрде саяси еркіндік қамтамасыз етілуге тиіс. Бұл сияқты платформа идеясының жүзеге асып жатқанын жапондық либералдық-демократиялық партияның, үнді үлттық конгресінің іс-әрекетінен көруге болады. Бір ғана саяси партия жағдайында ол проблемаларды талқылауға құқыкты бірден-бір үйім болмауға тиіс. Партияның деңгейінде дамымаган болса да, саяси майданда бәсекеге түсе алатын басқа саяси үйімдар да болуга тиіс. Бұдан басқа да АҚШ-тағы сияқты екі партиялыштықтың тиімді екенін жақтайтын пікірлер де бар. Азаматтардың саяси еркіндігі көп ретте осы жағдайлармен байланысты².

Қазақстанда азаматтардың партиялар мен қоғамдық үйімдар арқылы саясатқа катысу еркіндігі де біркелкі бірдей деуге болмайды. Мысалы, азаматтар үшін «Нұр Отанның» беделі жоғары. Ал «Әділет», «Азат», «Ақ жол», «Ауыл», «Руханият», «Патриоттар», 2 компартия: Қоғамдық қозғалыс үйімдарының мүшелері: «Тәуелсіздікті корғау» (М. Шаханов), «Рух пен тіл» (Н. Мамай), «Ұлт тағдыры» (Д. Кешім) және т. б; жастар үйімдары (бірнеше ондаған) «Қаһар», «Айбын» және т. б. имидждері туралы олай деу қын. Сайлаушылар жана идеологиялық модельге, жаңа партиялыштық құрылышқа үйрене койған жоқ. Сонымен бірге, саяси партиялар бағдарламаларының ұқсастығы да бұған кедергі келтіруде. Социологиялық зерттеушілеріміздің нәтижесі де мұны дәлелдеп отыр.

Саясатқа еркін араласудың алғы шарттарының тағы бірі — саяси, құқыктық факторлар. Міне солар демократиялық тәртіпті қоғамда демократиялық саяси мәдениет басымдығын, билік құрылымдарын құқыктық тұрғыдан қамтамасыз етуі саяси басқарушилық шешімдерді қабылдап, жүзеге асыру қажет. Саяси салада да қарама-қайшылықтар аз емес. Мысалы, демократиялық даму жолындағы саяси-үйімдастырушилық шарапалар (сайлау жүйесінің өзгеруі т. б.) мен қоғамда басым болып отырған саяси мәдениет деңгейінің төмендегі арасындағы қарама-қайшылық және т. б.

Саяси салғырттықтың көбісі халықтың әлеуметтік жағдайларындағы қыншылықтарға байланысты екені анықталып отыр. Әдетте, саяси партиялардың ықпалында болатындар бірінші кезекте мемлекеттік қызметкерлер, олардан кейін бюджет саласындағы қызметкерлер. Бүгінгі күні қазақстандық саяси партиялардың құрамы көбінесе дәл осы екі топ өкілдерінен тұратыны белгілі, бірақ олар еркіті негізде ме әлде міндеттеу, қысымшылық негізде ме? — деген тағы бір үлкен мәселе бар. Ал жұмыссыздар, үй шаруасындағы әйелдер, студенттер арасындағы саяси партиялар қызметіне деген қызығушылық өте төмен тіpten жоқтын қасы.

Саяси партиялар мен қозғалыстар өз іс әрекеттерінде жалпы үлттық, мемлекеттік мұдделерді ескеруі негізінде ғана түрлі этникалық топтардың жарасымын нығайтуға тиісті үлес қоса алады. Осы ретте көп партиялыштық жүйе туралы екі түрлі пікір барын нәрсе деуге де, тек қана жағымсыз, жаман болмайтын сияқты. Әрине, партиялыштық жүйе түтеп келгенде қоғамның тере-тендік жағдайына жетуге жәрдемдеседі, яғни азаматтардың өз пікірлері мен талпынушыларын білдіруге, олардың саяси өмірге араласуына, сөйтіп саяси, әлеуметтік-экономикалық ахуалмен бірлесіп жұмыс істеуіне, өмір сүруіне жәрдемдеседі. Сонымен қатар, көп партиялыштық өтпелі кезенде, әсіресе дағдарыстар етек алған жағдайда, қоғамның әлеуметтік және этникалық топтары арасында алауыздыққа, қоғам мүшелерінің партиягершілдік жолға түсіп, өзара араздасуына итермелейу ықтимал. Мысалы, Қазақстанда «Алаш» қозғалысы «Қазақстан қазактар үшін» деген ұран тастаса, Ресейде Либерал-демократиялық партия өз

лидерлері В. В. Жириновскийдің басшылығымен бұрынғы империялдық саясатқа қайта оралуға шақырғаны мәлім. Ал, мұның өзі мемлекет пен мемлекет арасында, үлттар арасында сенімсіздік пифылдардың тууына апаруы да мүмкін. Осының бәрін саяси жүйе басшылығында отырған элита ескереді. Сейтіп қандай бір партия немесе саяси қозғалыс болмасын қоғамның саяси жүйесінен өз бағасын, өз орнын алады. Ол ең алдымен электоратқа байланысты. Сайлаушылар қай партияны, қай қозғалысты жақтап дауыс беруіне қарай олардың қоғамда алатын орны анықталады³.

Елімізде азаматтардың саясатқа қатысу еркіндіктерін кеңейту және жетілдіру мақсатында мына ұсыныстарды атап кеткен орынды: Партиялардың сайлауға қатысу және сайлану мүмкіншілігін арттыру. Яғни, олардың тіркелу, ұсыну тұрғысындағы талаптарын жеңілдету; Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметінің еркіндік сипатын күшейту, азаматтарға психологиялық әсер етуде үтіг насиҳатты барлық партиялардан тен дәрежеде жүргізуін қамтамасыз ету; Парламентте көппартиялыштықты қамтамасыз ету мақсатында партиялар үшін сайлау кедергісін қысқарту.

Қазақстан азаматтарының саяси қатысуының еркіндігі келесі факторларға байланысты: біріншіден, демократиялық саяси қатысу мен әлеуметтік топтардың саяси шешімдерді қалыптастыру мен қабылдау үрдісіне ықпал етудегі тәжірибесінің аздығы. Екіншіден, еліміздегі модернизациялау үрдісі мен оның қоғамға ықпалына байланысты. Ол саяси мінездүлік еркіндігін таңдауға әсер етуде.

Азаматтардың саяси өмірге еркінрек қатысудың тағы бір жолы халықтық бақылау органдарына мүше болу арқылы жүзеге асырылады. Халықтық бақылау үйімдары тұтас жүйе ретінде мемлекеттік үйімдардан және қоғамдық үйімдар мен топтардан құрылады.

Азаматтардың саяси құқықтары мен міндеттерінің заң жүзінде бекітілуі маңызды. Азаматтардың саяси құқықтарымен қатар азаматтық және әлеуметтік құқықтары да қамтылуы қажет. Азаматтық немесе жеке құқық — бұл адамға жаратылысЫнан берілетін құқықтар, оның дербестігін және ерекшелігін көрсетеді. Олардың қатарына өмір сүру құқы, жеке тұлға бостандығы мен тәуелсіздігін жатқызамыз.

Саяси құқық азаматтардың мемлекет пен қоғам істерін басқаруға қатысу мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді. Сөз, баспасөз, ұждан еркіндігі, ақпарат алу құқы, өз пікірлестерімен біріге алу құқы, мемлекеттің өкілетті органдарына сайлау мен сайлану еркіндігі т.б. жатады.

Қазіргі кезде нарықтық саясат пен қатынастардың мемлекет ұсынған модельінің болашағы туралы пікір-таластары жүруде. Егер бұрын саяси жүйеде тар шеңбердегі партиялыш саясат үстемдік етсе, қазір қоғам дамуынан одан да шектелген номенклатуралық, этнократиялық және криминалды топтар ықпал етуге тырысада. Содан да болар, С.Хангельдин «Саяси тәуелсіздік бар ма бізде? Ол да күмәнді. Біз өзіміздің әр қадамымызды теріскейдегі көршіміздің ыңғайына қарай реттейміз. Бұл бұлжымас дағдыға айналды»⁴, — дейді. Оның бұл пікірі, біздінше, тым ұшқары. Дегенмен, біздінше, саяси күштердің қайта топтасу кезеңінде превентивті түрде бақыланатын саясат керек. Ол үшін:

1. Қоғамның саяси жүйесіне, сондай-ақ азаматтардың еркіндігіне түрлі саяси, әлеуметтік, экономикалық және технологиялық күштердің залалды ықпал да болмай тұрмайды. Егер елдің саяси жүйесі тарапынан оны болдырмаудың алдын алу жоспары болмаса, яғни бұл іс өз бетімен жіберілсе, онда ол тубінде бір айтарлықтай әлеуметтік бүліншіліктерге әкелмей тұрып, факторларды зерттеп, тиісінше оң ықпал жасау, превентивті саясат жүргізу саяси жүйенің ерекше міндеттерінің бірі болып табылады.

2. Саяси жүйе қоғамның тепе-тендік, тұрақтылық, орнықтылық белгілерінің нашарлау көріністерін дер кезінде байқап, оларды қалпына келтіруге және нығайтуға бағытталған шаралар белгілеуі тиіс. Ол үшін саяси әлеуметтік және этникалық топтар, жалпы халық бұқарасы арасында өзіне тірек болатын негіздерді (экономикалық, саяси және әлеуметтік) кеңейтіп, нығайтып отырады⁵.

2006 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің бұйрығымен «2006-2011 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы азаматтық қоғамды дамыту» тұжырымдамасы бекітілді. Экономикалық, әлеуметтік және саяси сферадағы түбірлі реформалардың арқасында қоғамдық бірлестіктер құрыльш, олар түрлі әлеуметтік топтардың құқықтары мен еркіндіктерін қорғауға бағытталып әрекет ете бастады.

Зерттеулер корытындысы бойынша саясатқа қатысатын азаматтарды, партия және коммадық қозғалыс мүшелерін үш топқа бөлуге болады: Саясатпен еркін және белсенді араласатындар. Олар әр деңгейде өздерінің қолдарынан келгенше іс-әрекет жасап отырады; саясатты түсінуге ынталы. Бірақ әлі еркін іс-әрекетке бара қоймағандар; саясатта не болып жатканын түсіну мүмкін емес дейтіндер, саясатқа араласудан өзін аулак ұстайтындар.

Зерттеулер көрсеткеніндей, қоғамдағы ақын, жазушы, жалпы зиялы қауым атаулы әлеуметтік топтағылардың саяси белсенділігі жоғары деуге келмейді. Қазақстан азаматтарының жалпыұлттық деңгейден гөрі жергілікті деңгейде саясатқа қатысуының жоғары екендігін көреміз. Бірақ жергілікті деңгейдегі өзін-өзі басқару институттарының жоктығы, азаматтарды жалпыұлттық деңгейде қатысуда енжарлық көрсетуге алып келеді. Мамандардың зерттеуінше, азаматтық қоғам институттарының жеткілікті бекітілмеуі; мемлекеттік ұйымдардың ҮЕҰ-мен бірлесіп жұмыс жасауга тырыспауы; ҮЕҰ-ның әлсіздігі; азаматтық қоғам құру тәжірибесінің жоктығы; патернализм – осының бәрі азаматтар еркіндігі мен белсенділігін төмендігіне әсер етеді.

1 Казақстан Республикасының Конституциясы. — Алматы: Жеті жарғы, 2008. 19-21-б.

2 Н. Э. Назарбаев. ҚР Сайлау Заны туралы. — Алматы: Жеті жарғы, 2004. 8, 97-66.

3 F. Сапарғалиев. «Мемлекет және құқық теориясы». — Алматы, 1998. — 112-б.

4 С. Хангельдин. Біз айтсак, жанашырылқан айтамыз//Түркістан. № 50 (544). 16 желтоқсан, 2004. 4-б. (8-б)

5 Т. Сәрсенбаев. Қоғамның саяси жүйесі/Саясаттануға кіріспе (бірінші белім). — Алматы, 1994.